

## Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі Департаментті құру және оның қызметі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1992 ж. N 812. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Дипломатиялық өкілдіктер мен олардың қызметкерлерінің Қазақстан Республикасында жұмыс істеуіне және тұруына қалыпты жағдай жасау, сондай-ақ оларға көрсетілетін қызмет ауқымын кеңейтіп, сапасын арттыру есебінен валюталық және өзгедей қаржы алу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жанынан Алматы қаласында Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі Департамент (бұдан әрі-Департамент делінеді) құрылсын.

### 2 . Д е п а р т а м е н т к е :

- Қазақстан Республикасындағы дипломатиялық және шетелдерден тағайындалған басқа да өкілдіктерге қызмет көрсету жөнінде мемлекеттік және шаруашылық органдардың күшімен жүзеге асырылатын жұмыстарды үйлестіру;

- дипломатиялық өкілдіктерге меншік нысандарына қарамастан кәсіпорындар , ұйымдар мен министрліктердің мекемелері қызмет көрсеткенде делдалдық м і н д е т т е р а т қ а р у ;

- Қазақстан Республикасының территориясында дипломатиялық өкілдіктердің ғимараттарын жобалау, салу, қайта жаңарту, жөндеу және жаңғырту жөнінде контракттар жасасу;

- Қазақстан Республикасының территориясында дипломатиялық өкілдіктердің объектілерін салу және қайта жаңарту жөнінде бірден-бір тапсырыс берушінің міндетін атқару;

- азаматтарды дипломатиялық және басқа шетелдік өкілдіктерге жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру жүктелсін.

3. Дипломатиялық өкілдіктерге қызмет көрсетудің осы қаулының 2-тармағында көрсетілген барлық түрлері тек Департамент арқылы ғана жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Департамент туралы Ережені әзірлеп, бекітетін болсын.

5. Департамент қызметкерлерінің штат саны, еңбекақы төлеу қоры 1992 жылдың аяғына дейін 345 мың сом мөлшерінде 52 адам болып бекітілсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісіп, Департамент аппаратының құрылымы мен штат кестесін және оны ұстауға жұмсалатын шығыс сметасын бекіту хұқығы берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне 1992 жылдың аяғына дейін Департаментті ұстауға қажет 6398 мың сом мөлшерінде қаржы бөлсін.

7. Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі мен Сауда министрлігі Департаменттің жұмсақ және қатты мүкәммалға, ұйымдық техникаға, дыбысты-көріністі аппаратураға және басқа керекті жабдықтарға деген қажетін қамтамасыз етіп, 1992 жылдың II жарты жылдығында бұлардың бөлінуін қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өтінімі бойынша Қазақстан Республикасының Материалдық ресурстар министрлігі Департаментке арнап, ГАЗ-2410 немесе 31029 "Волга" автомашинасын, РАФ шағын автобусын және УАЗ-452 жүк машинасын бөлсін.

9. Алматы қаласының әкімі Департаменттің аппаратын орналастыру үшін Желтоқсан көшесіндегі, 111а үйді бір ай мерзімде оның балансына беретін болсын.

10. Алматы қаласының әкімі елшіліктер ашылып, шетел өкілдіктері қызметкерлерінің тұруы мен жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін тұрғын үйлерге адамдардың орналастырылуына қарай жеке тұрғын ғимараттарды Департаменттен жалдау ақысы алынбайтындай етіп, одан әрі пайдалану үшін Департаменттің балансына беретін болсын.

11. Алматы темір жол басқармасы, Қазақ азаматтық авиация басқармасы елшілер, дипломатиялық өкілдіктердің қызметкерлері және олардың отбасыларының мүшелері республика ішінде және одан тыс жерлерде жүріп-тұрғанда оларға авиабилеттер мен темір жол билеттерін алу жөнінде Департаменттің өтінімдерін басымдықпен қанағаттандыруды қамтамасыз етсін.

Бос орындар болмаған жағдайда Департаментке бір жолғы өтінім бойынша тапсырыс рейстеріндегі ұшақты жалдау хұқығы беріледі.

Осы аталған басқармаларға шетел өкілдіктеріне көлік-экспедициялық қызмет көрсету, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіп бойынша олардың жүктерін кедендік ресімдеу және осы мақсатта қажетті өндірістік жағдайларды қамтамасыз ету жүктелсін.

12. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, Мәдениет министрлігі Департаменттің өтінімдері бойынша дипломатиялық өкілдіктердің

қызметкерлеріне арнап, келісілген мерзімдерде мейманханаларда орын иемденуді және міндетті түрде тауып беруді, сондай-ақ театрлар мен ойын-сауық мекемелеріне қажетті мөлшерде билеттер (немесе орындар) тауып беруді қамтамасыз ететін болсын.

13. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Департаменттің өтінімі бойынша дипломатиялық өкілдіктерге қызмет көрсету үшін қажетті мөлшерде байланыс каналдарымен қамтамасыз ететін болсын.

14. Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі Департаменттің балансына дипломатиялық өкілдіктердің қызметкерлері мен олардың отбасыларының мүшелеріне азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен қызмет көрсетуге арналған дүкен беретін болсын.

15. Қазақстан Республикасының Туризм, дене мәдениеті және спорт министрлігі Департаментпен шарт жасасу арқылы дипломатиялық өкілдіктердің қызметкерлері мен олардың отбасыларының мүшелеріне спорт ғимараттарында, кешендерінде және базаларында шұғылданып, демалуға мүмкіндік жасайтын болсын.

16. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі дипломатиялық өкілдіктердің қызметкерлері мен олардың отбасыларының мүшелерін ауруханада және емханада (ақылы және тегін) емдеуді қамтамасыз етсін, Департаментпен келісіп оларды емдеудің және оларға медициналық консультация берудің коммерциялық шарттарын белгілесін.

17. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі дипломатиялық өкілдіктердің күзетін қамтамасыз ету шараларын көздеп, Департаменттің өтінімдері бойынша арнаулы нөмірлік белгілерін бөле отырып, дипломатиялық өкілдіктердің автомашиналарының есебі мен тіркеуін жүргізсін.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-министрі*